




«С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі» КММ

Бекітемін:   
Мектеп директоры: М. Есембаев  
« 01 » 09 2022 ж



Келісемін:   
ДТІЖО: Г.К. Жунисова  
« 01 » 09 2022 ж

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2022-2023 оқу жылына арналған іс-шара жоспары



## «С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі»КММ

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы 2022-2023 оқу жылына арналған іс-шара жоспары.

### Мақсаты мен міндеті

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы.

### Жалпы ережелер

1. Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері

2.1. Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.3. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:1) рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;2) оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;3) оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;4) оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.4. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:1) адамгершілік тәрбиелеу моральдық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;3) эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуін дамытуға бағытталған

### **3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру**

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады. 6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығы мен сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлерге жүктеледі. 7. Жалпы білім беретін мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі. 8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылады. 9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі: 1) жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары; 2) сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары; 3) «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары болып табылады. 10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген). 11. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстың күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген. 12. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

### **4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары**

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. 14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар. 15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады. 16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады. 17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

№	Атқарылатын іс-шараның атауы	Мақсаты	Сынып	Мерзімі	Жауапты
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубын ұйымдастыру.	Мектеп басшысының, сынып жетекшілердің, пән мұғалімдердің, оқушылардың көмегімен «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубын құру.	5-11	Қыркүйек	ДТЖО Тәлімгер
2	«Парасатты азамат» бұрышын ұйымдастыру.	«Парасатты азамат» бұрышының басты мақсаты-азаматтық, патриоттық тәрбие беру, кез-келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, адамгершілік қасиет пен этикалық сананы қалыптастыру, жемқорлықты қабылдамау шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру.	1-10	Жыл бойы	ДТЖО Тәлімгер
3	Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық тәрбие бағытындағы тақырыптарды енгізу.	Ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділдік сияқты адамгершілік және құқықтық мәдениетке баулу.	1-4	Жыл бойы	Сынып жетекші
		Патриоттық, өз Отаны үшін мәдениетін, еңбек сүйгіштік тәрбие, өмірге, еңбекке, білімге деген мақтаныш, қоғамдық тәртіпті сыйлау, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, тәртіптілік, құқықтық негізінде білу және құрметтеу қасиеттерін дамыту. Сыбайлас жемқорлыққа тәрбиелеу үшін олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным қалыптастыру.	5-7	Жыл бойы	Сынып жетекші
		Жоғары сыныптың оқушыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу үшін олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным қалыптастыру.	9-11	Жыл бойы	Сынып жетекші
4	Ата-аналар жиналыстарын өткізу.	Жиналыс барысында отбасының құқықтық тәрбие берудегі рөлі туралы айту. Отбасында тәртіп бұзушылықтың, жемқорлықтың алдын алуға баулуды қалыптастыру. Ата-аналарға балаларының бойында заңды сыйлау, тәртіп бұзбау сияқты жақсы қабілеттерді сіңіру жолдары бойынша кеңестер беру.	5-11	Үнемі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
5	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының слеті	Оқушыларды сыбайлас жемқорлықпен күресуге тәрбиелеу. Ал жемқорлыққа төзбеушілік мектеп	9-11	Қазан	Тәлімгер Клуб мүшелері

		каовыртасынап басталады. Бүгінгі оқушы ертегі жас маман. Жастар осы бастан пара, жақсылыққа апармайтынын түсінуі тиіс.			
6	«Адал жол-адал ұрпақ бастауы»	Мектеп оқушыларын адалдыққа, мәдениеттілікке, қамқорлыққа, сыйластыққа баулу. Жасөспірімдер арасында адалдық пен адамгершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыру.	1-11	Қараша	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
7	«Сананды сақта, жас ұрпақ!», «Жемқорлықпен күресу, басты міндетіміз!» пікірталас сабағы	Пікірталас өткізу арқылы оқушылар тәжіртбе бойынша өз пікірлерін ортаға салады. «Сыбайлас жемқорлық» қоғамның мемлекеттік қызметкерлерге деген сенімін жоятындығын тілге тиек етеді. Бұны болдырмау үшін әркім не істей алады? Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?	9-11	Желтоқсан	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
8	«Парасаттылық сабағы»	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы кеңінен түсіндіру.	Клуб мүшелері	Қантар	Тәлімгер
9	«Жемқорлықсыз болашақ!»	«Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.	9-11	Ақпан	Тәлімгер Клуб мүшелері
10	«Ой тазалығы-жан тазалығы» дебат	Адамзат бойында жан және тән тазалығы орын алады. Соның ішінде тән тазалығы ерекше маңызға ие. Оқушыларды тазалыққа, тәртіпке шақыра отырып, оның өмірдегі, денсаулыққа өте маңызды әсер ететінін түсіндіру, үйрету, тәрбиелеу.	9-11	Наурыз	Тәлімгер
11	«Сыбайлас жемқорлыққа бәріміз қарсымыз» Бейнеролик	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бейнеролик, оқушыларды адал жолмен жүруге тәрбиелеу.	Клуб мүшелері	Сәуір	Тәлімгер
12	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қорытынды есебі.	2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебін тыңдау.	Клуб мүшелері	Мамыр	Тәлімгер Клуб мүшелері

Орындаған:

Тәлімгер:

Тастамбекова. Ж